



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

ҚҰБ S. NURMAGAMBETOV. 100 JYL және ALEXANDER THE GREAT коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады

Астана қ.

2024 жылғы 27 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан **S. NURMAGAMBETOV. 100 JYL** және «Ұлы қолбасшылар» сериясынан **ALEXANDER THE GREAT** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Монеталардың сатыла бастайтын күні туралы ақпарат ҚҰБ ресми сайтында қосымша орналастырылады.

S. NURMAGAMBETOV. 100 JYL коллекциялық монеталары туралы

Монета Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі және Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовке арналған. Монетаның дизайнында оның портреттік бейнесі қолданылған.

Монета мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған, массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңгелік, таралымы – 5000 (бес мың) дана.

Монетаның бейнесі



ALEXANDER THE GREAT коллекциялық монеталары туралы

Монета ежелгі әлемдегі ең үлкен империялардың бірін құра алған Ескендір Зұлқарнайын қолбасшыға (б.з. дейін 356 – 323) арналған.

Монета 925 сынамды күмістен дайындалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1 000 теңгелік, таралымы – 2000 (екі мың) дана.

Монетаның бейнесі



Монеталардың барлық түрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнымен төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануы, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуы және аударылуы, ұсақталуы және айырбасталуы тиіс.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz